

С. Б. ЖҰМАҒҰЛОВ

## ЖЫЛЫМЫҚ ЖӘНЕ 60-ЖЫЛДАРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ СЫНЫНДАҒЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАНЫМ

Қоғамдық дамудағы саяси-элеуметтік мәселе-лермен қашан да біте қайнасатын рухани әлемге соны серпін, сілкініс әкелген жылымық жылдар жаңғырығы отандық әдебиеттандуда өзіндік мол із қалдырыды. Оны қазақ халқының өзіндік болмыс-бітімін кеңестік идеологияның социалистік мәдениеттік рухани құндылықтарға жат қысымынан, күштеп таңған қысынсыз дөгмаларынан арылтудағы, сол арқылы ұлттың көне мәдениеті, әдебиеттіндегі тарихи жадын қалпына келтірудегі әрі дамыта түсудегі кешегі кеңестік дәуірдегі тарихи тағылымы мол кезен деп қарастыруға болады.

Жылымықтың қазақ руханиятына тигізген игі үкпалы кеңестік идеологияға таза беріліп кетпеген Алаш рухты зиялыштар және де ұлттық әдебиетке соны леп әкелген жаңа толқынның сын мақалаларындағы ой-әрісінен, дүниетанымынан айқын көрініс тапты. Атап айтқанда, елдің елдігін сактайтын тіл, әдебиет, мәдениет, тарихқа қатысты саясат ұстанымына байлаусызы болуды діттеген рухани азаттық аңсарындағы байыптаулары ұлттық руханиятты адамзаттық құндылықтармен, халық зердесінің өзіндік «менімен» сабактастыру талабындағы эстетикалық таным-біліктің нәріне айналды. Бұл ретте кешегі әміршіл-әкімшіл кеңестік жүйенің әдеби-мәдени кеңістігіне ерекше әсер еткен жылымықтың идеологиялық қысымнан ада аз ғана азаттық ауасымен тыныстап үлгерген «алпысыншы жылдар буыны» атап толқынның жаңаша ойлау мен тың ізденіс үрдісі соның айқын дәлелі болып табылады. Осы буынның айтулы өкілдері Ә.Кекілбаевтың «Жеке адамға табынушылықты сынау рухани құндылықтарды қайта бағамдау талабын тузызды» [1], Р.Нұрғалидың «Бұл толқын құлдық кіріптарлық-пен жанышылмаған, халқының ен жақсы касиеттерін мұрат тұтып, Батыс пен Шығыстың үздік үлгі-дәстүрлерін игеріп, барлық салада жана арна, кен еріс ашты» [2,104], О.Сүлейменовтің «Менің буынным көз жасы мен жалыннан жаралған... Менің буынным-жақындаған тағы оталып кеткен отақ жерге енді қылтиған қылша өскіндер» [3,143] – деген пікірлері жылымық кезеңнің ғана емес, сол дәуір құбылысымен табиғаты біте қайнасқан аталған буынның азаматтық, шығармашылық болмыс-бітімін де айқындаиды.

«Алпысыншы жылдар буынның» айтулы

өкілдерінің 60-жылдардағы сын мақалалары осы саладағы ізденістерімен таныла бастаған өзге де таланттардың күшімен қанаттаса дәуір талабына орай әдебиеттандудың жүгін жұмыла көтерудегі тың талпыныстарымен құнды. Фалым С.Қирабаев атап еткеніндей: «1956–1966 жылдар арлығында он жылда жүз елдуден астам сын және зерттеу кітаптарының жарық көргенін айтудың өзі жеткілікті. Мұндай өнімділік бұрынғы әдебиет дамуы кезеңдерінің ешбірінде болған емес... Қазақ әдебиеті сынны мен әдебиеттандуғының осы дәуірде қарқынды дамуы, ең алдымен қоғамдық ой-пікірде еркіндік тууымен байланысты болды» [3,128]. Сын мақалалардағы сөз өнерінің әр жанрына қатысты ашық пікір алысу, теориялық талдаулар парасат пайымына құрыла отырып, шын шеберлік қыры мен сырын эстетикалық саралаудың озық үлгісін ұстануды мұрат деп білді. Атап айтқанда, З.Серікқалиевтің «Өмірлік өлең үшін», «Ойлы досқа айттар сыр», «Тақырып және тағдыр» (Роман туралы ой), А.Сүлейменовтің «Жас прозаиктер және жастар образы», «Тұр туралы бірер сөз», Ә.Кекілбаевтың «Ой биігіне», О.Сүлейменовтің «Қаңарманым хакында», Қ.Ысқақовтың «Сырлассақ қайтеді», «Еліктеу межок мұқтаждық па?», Ж.Молдагалиевтің «Жарайды, сырласайық», Б.Уахатовтың «Роман.Характер», Р.Бердібайдың «Өмір шындығы және көркемдік шешім», «Роман және заман», Т.Ысмайловтың «Заман және өлең», Б.Сокпақбаевтың «Прозаның жас таланттары» мақалалары сындағы эстетикалық таным-біліктің есу үстіндегі өзіндік бағытын танытты. Әдебиеттіміздің өрелі белестен табылуына өзгеше талғаммен қараган дарындардың биік талап тұрғысындағы батыл да қайшылықты көзқарастары сын табиғатын (әдеби, ғылыми, элеуметтік), принциптерін (идеялылығы, шыншылдығы, өмірмен, тарихпен байланыстылығы, ғылымилығы, тиімділігі) шынайы сезінуден туындалды. Әдебиетшілер әлеуметтік сынмен шектелмей лингвистикалық немесе семиотикалық сындар талабымен үйлесетін ізденістерге барды. Оларда әдебиетке қойылар жаңа көркемдік талап пен талғам, сол мұраттың екшітін саясаттан ада эстетикалық таным, парасат пайымы, мәдениет биігі нендей деңгейде және де қандай өреде болуы тиіс деген ділгір мәселелер талқыға салын-

ды. Мәселен, З. Серікқалиев «Алақолдық қанымызыға сінген бір дерт. Жақсылық пен жамандықты көрші қондырып именбей жүре беру әдетке айналып кеткен. Ақындық шеберлігі жетсін-жетпесін көп жолдастар әйтеуір жалпы нені жазу керек екенін жақсы сезгенмен, бірақ олардың бәрі бірдей нені жазбау керек екенін әрдайым жете біле бермейді. Тек қана ақ жүрек, адап жүрек ақындық ой-парасат терендігінсіз ешқашан жалғыз өзі шынайы поэзия жасап берген емес. Ал нағыз ақындық махаббаттан туған шынайы сезім мен ақындық ой-парасат терендігінің үндестігі – шеберлік критерийінің бірі. Ендеше осыған орай да пікір алысудың аса қажеттігі арта түседі» [5, 136-137], – деп поэзия қуатын кіршіксіз ақындық болмыспен үйлестіруді діттеді, поэтикалық аскактықты өлең өрімімен өрілген арлы суреткер жүргінен іздеді. Ал, А. Сұлейменов «Жас прозаиктер және жастар образы» мақаласында әдеби, рухани дамудағы ұрпақтар сабактастыры, содан туындастырып парыз, дәстүр мен жаңашылдық мәселесіне қатысты тың пікір, соны ойларын талқыға салды.

«Ұрпақ ұрпағымен ұрпақ. Аға буын қамқорлығын көрсетсе, рухани мұраның тарих қоржынында қабаттасып қала бермейтініне есеп беріп отыр, қазіргі жас – тарихтың мұрагері. Сондықтан да сол мұраны жеткен жеріне жетелеп кетеді, соның азабына да, ауырлығына да таймай барады деп үміт артады. Бұл сенім, соған коса бұл жауапкершілік – аға үміті, ак үміт, оны ақтамағаның өзінді ойға, етеккө тастағаның. Кім өзін тау табанынан көргісі келеді дейсіз? Әдебиеттің жаңа буынына, ен жас буынына бұл тұралы әбден ойлануы керек» [6, 132], – деген А. Сұлейменов толғанысы әдеби-көркемдік дамудағы дастүр ұласуын ұрпақтар сабактастырымен байланыстыру сияқты ділгір мәселені ағынан жарыла өткір көтеруімен және де соған қатысты қаламгерлердің ортақ ұстанымда болын басты арнаға шығаруымен құнды. Өйткені жылымық сол тұста акталған (Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сабыр, Мәжит, Жұмат) және де актaluы кетерілген (Шәкәрім, Мағжан) әдеби құндылықтарға қатысты ұрпақтар сабактастыры мәселесін санада жанғырта орнықтыруға деген талпынысындағы болмысымен де заман ағысЫнан тың бұлқыныстар экелді. Бұл қазақ суреткерлерін осы мәселе леге қатысты ашық пікір алысуга міндеттеді. Ол, біріншіден, жылымық дарытқан игі ықпал тұсында казақ әдебиеттануы ізашарлары мен классикалық әдеби дәстүрді дамытушылар тарапынан ұлттық құндылықтарды халықтың рухани кемелденудегі құретамырына түбегейлі айналдыруына заман мүмкіндік бермеген ділгір мәселелерде қордаланып

қалған жәйттерді жаңа толқынның күн тәртібінс өткір қойып жаңдандыруынан, екіншіден, ашық пікір алысу барысында оны жан-тәнімен сезінуді барша зиялы қауымға жүктеуінен айқын танылды. Міне, ұлттық танымда оянған тегеурінді танытатын Асқар Сұлейменов мақаласының ерекшелігі де осында. Сыншы бет жүзін демей «Кіші буын аға буынның мұрагері, табиғи жалғасы болғанда оның бет бағдары, арын ағысы қандай болмақ? Аға жолын қайтадан шиырлап шыға ма? Жоқ әлде болмысты өзінше құрмеп, өзінше жона ма? Ақиқат сонғысында. Әдебиет тарихы ұрпақтың емес – ұрпақтардың ісі, оның үстінен әрбір ұрпақтың ез үні, аяқ тастасы, зергерлігі бар. Жаңа буын жаңаның жасаушысы болуға шамасы жетпесе, үлескери болуы керек. Бұл реттен, сөз жоқ, әлгі жауапкершілік еселеңеді. Әдебиеттің жас буыны, осыған көнгендегі дарын күшіне сенгенде ғана, ез сөзін айтпақ, өзінің көкірек көзін танытпақ. Көрү деген ен бастысы емес, салмақ-сенімде» [6, 132], – деп әр толқынның әдебиетте болуы тиіс өзіндік бедерін, даралық болмысын тарихи сабактастық тұрғысынан безбендерді. Ол түрлі буындағы барша қалам-герлерді туған әдебиетіміздің биік белестен табылуындағы ортақ мұддесіне жұмылдыруды көзделген талап қана емес, мұндағы тұтас ұрпақтардың жауапкершілігін, ак адап парызын сезінуден туындаған озық ой ұстанымы болатын. Сондықтан жылымықтан туындаған отырған дәуір талабын «Съезд халықа құдіретті дабыл тастап, бір женнен қол, бір жағадан бас шығаруды ғана талап етпеді, әркімге ішіне үніл, ішінді аршы, ұлken мақсат жолына тек пәк ниетпен ұмтыл деген еді. Жұрттың бәрі ой үстінде. Жұрдек ой жылдарды шарлайды, отыз жетіден арыдағыны да, берідегін де сараламайтын таппайтынын біліп шарқ ұрады. Откендеңі адым арманды тағы бір бағалап, сұры мен сұрықсызын ар шоғына шыжғырып, ертеңгі тірлік қажеттіне арза ма арзымай ма, соны байқау керек. Бұл – парыз» [6, 133], – деп ұғындырды. Өз кезегінде Ә. Кекілбаев «Ой биғінен» мақаласында ««Біз кім болуға тиістіміз» деген жайға біздің буын көбірек шүқшиды. Азамат бол атқа мініп, ез тізгінін өз қолына алған жастиң енді қайтпек керек деп ойлап, алдын-артын бір шолып алғанын ешкім де жамандыққа жорып жазғыра коймас. Ол өзі табиғи құбылыс. Есей-гендіктің, ержеткендіктің бір нышаны» [7, 151], – дей келе, қоғамдық дамудағы басты ерекшелікті жылымық табиғатымен астасыра эрі өз буынның тарихи зердесіндегі бұлқынысын дәуір жүктеген кіршіксіз мұраттары биғінен таным таразысына салды. «Бұл буынның бұлай етуінің екінші бір сырьы, қоғамдық сырьы тағы бар... Кемелденген

зандылықка жасалған қияннаттың әшкере болған тұсында келген буынның алдын-артын бір қарап алмасқа амалы да жоқ. Кеше ғана бесіктен шыққан жас буынның білмейтіні көп екен. Қоғамымыз көп шындықтың көзін ашты. Азаматтық парызын осы тұста өтеуге кірісken жас үрпақтың мықтап ойлауы әбден занды. Өзінен бұрынғы тарихтың көп соны сырына қаныққан жас әдебиетшінің қоғамның ең үлкен тарихы, қоғамдық ардың тарихы бол есептелеңін әдебиетке десын көзімен қарауыорынды» [7,151], – деп әдебиет саясаттың емес, қоғамдық ардың тарихы екенін әлеумет санасына құйды. Әдеби-эстетикалық таным мен этикалық пайымдағы мұндай батыл пікірлерді заманың қасаң қазығына байланған кейбір қаламгерлерлер кабылдамағаны да ақиқат. Оның себебі сан алуан болғанымен өз дәүірінің саяси-әлеуметтік мәселелерімен біte қайнасқан ақын-жазушылар дүниестанымының күрделілігі мен психологиялық қайшылығын да назардан тыс қалдыра алмаймыз. Соған қарамастан сез өнері мен оны тудыруышыларға қатысты байыптаған тұжырымдар қоғамдық ой-пікірге қозғау салғаны да шындық. Өйткені А.Сүлейменовтің «Пенденің бір қарағанда жылы көрінетін ұқастығын адам жаңының жомарттығына телу әдебиетте – қылмыс». Бізге дәлелді ашыны айтып үйрену жеткіліксіз, оны жұтып үйрену керек. Мұның біріншісі бізде өзірге аз, екіншісі, сорға қарай, жоктың қасы» [6,133], – деген шындығын қай қоғамның болмасын тазару, арылу барысында мойындастыны тағы хақ. Сол себепті де ұлттық мәдениет жана шыры I.Омаров «Оқушы арман не?» (1962) мақаласында «...Талантты талап қана өсірмейді, оны ағалық қамқорлық та ұштай түседі. Жас талант – жаңа өсікен гүл секілді. Оған бап керек, әрі-беріден соң қатты шудын өзінен жасқанып, өспей қалуы мүмкін. Оны осы күні буыны бекіп, бұғанасы қатқан талант иелерінің өмір жолынан-ақ дәлелдеуге болар еді» [8,135] деп талантты танып бағалауда саясаттан туындаған негізгі қасіретті қайталамауды ұғындырды.

Жылымық – руханиятымызда қордаланған түйінді мәселелерді тұтас ұлт пайдасына шешуді әрі әлеуметтік ой-пікірді соған бейімдеудегі жауапкершілікті еселеуді талап етті. Осы мақсатта «Жұлдыз» журналында (1962 №4) Қазақстан жазушыларының 5 съезі карсаңында әдебиеттануда жедел қолға алынуы тиіс мәселелерді талқыға салу мақсатында «Әркімнің бір ойы бар» деген бөлім берілді. «Өмір жолымызға, қалам жолына шырмауықтай оратылған кейбір кедергілер мен кем кетіктерден қалай арыламыз? Бұл мәселелер

бәрімізді толғандырады», – деген кіріспеден соң ғалым Б.Кенжебаевтың «Маңызды міндет, зәру жұмыс», жазушылар Б.Сокпақбаевтың «Сапалы, шыншыл шығармалар жазайық», Ә.Қанахиннің «Шындық және сыншы» толғаныстары жарияланды. Ұлтарда әдебиеттанудың, руханиятын өзекті арналары сол тұстағы саяси-әлеуметтік мәселелермен бірлікте алынып, жылымықтың он ықпалын әдебиеттануға, қоғамдық ой-пікірге дарыту мақсаты көзделді. Мысалы, Б.Кенжебаев «Маңызды міндет, зәру жұмыс» атты проблемалық толғанысында «Жеке адамға табынушылық партия, мемлекет жұмыстарына ғана зиянын келтіріп қойған жоқ, сонымен бірге қоғамдық ғылымдардың бәріне де, мысалы, тарих, философия, саяси экономия, зан, әдебиеттануға ғылымдарында кеселін келтірді. Жеке адамға табынушылық кезінде, турлі жағдайға байланысты қызметтінде, не шығармасында қате жіберген адамдардың аттарын атауға тыйым салынды; Сталиннің есіміне жуысы көп тақырып, мәселелерді сөз етуге болмады» [9,134], – деп тоталитарлық жүйе, сталинизм қысымынан туындаған талай қияннаттың зардабын ашып көрсетті. Б.Кенжебаевтың «отаншыл аңдардан туған» (Р.Бердібай) пікірі ұлт әдебиеті тарихын зерттеудің тың бағытын айқындағы түссе, Б.Сокпақбаев «Әдебиетті жасайтын ешкімнің, ешқандай құбылыстың бет жүзіне қарамай жазылған (әрине, үлкен жазушының жауапкершілігімен жазылған) шығармалар. Біз соған жету үшін талпынып, еңбектенуіміз керек» [9,136], – деген пайымымен көркем туындының шынайы сапалық-денгейін арттыру мәселесін көтерді. Ал, Ә.Қанахин өнер табиғатының өмір шындығымен үйлесуіне шырмау болған шығармашылық шырғаланды «...Біздің көптеген шығармаларда жұрт бірін-бірі көнірдектен алады да жатады. Осының өзі жеке адамға табыну дәуірі тұтызған жалған тартыссыздығын, біз алға басқан сайын тап тартысы күшіе түседі деген көрінен қате қағиданың салқынынан туған, өнер табиғатына қатысы шамалы қосынды бірдене мә деп қалам. Сөз жоқ, қай шығарманың болсын негізгі желісі тартыска құрылады. Бірақ, мұнан күнде шайқас болып жатады деген ұғым тұмаса керек. Әнгіме – тенденция» [9,137-138], – деп саралап, «Біздің ұлы ұстазымыз – өмір болса, оның боранды қысы, майтонғысыз көктемі, жайдары жазы, қалампир гүлі, жібек желі т.т. бар емес пе? Жылдың төрт мезгілі қытымыр қыс пен күйсіз күзден ғана құралмайды ғой. Тіршілік те солай дер едім» [9,137-138], – деген толғамымен жылымықтың көркемдік ізденіс табиғатына дарытып отырған құбылысын суреткерлік

ізденісте өріс-тетуді дұрыс көрсетті.

3. Серіккалиевтың «Сын және жауапкер-шілік», Қ. Ісқақовтың «Сырлассақ кайтеді?», А. Сүлейменовтің «Тұр туралы бірер сөз», О. Сүлейменовтің «Қаңарманым хакында», Ә. Кекілбаевтың «Дәстүр мен дәуір» атты полемикалық сипаттағы макалалары сын көкжиеғін көңейтіп қана қоймай, өз пікірлерін батыл білдіретін әрі өз ұстанымдарын корғай алатын және де көркемдік ізденіс қасиетіне сініруде бет жүзін демей принципті саралайтын талдаулары әдебист мұддесін көздеген эстетикалық-таным біліктің сөз өнерінің проблемалық мәселелерін байыпты, парасатты қарастырудығы бағытын көнінен өрістету үстінде болғанын дәлелдейді. Ол, түтеп келгенде, көркемдік дамудағы өз әдебиетіміздің шеберлік қатпарларының тұп төркінін, тамырын іздуге, соны аңдатуға деген інкәр күштартылған қайсар құлшыныс болатын.

Мысалы, 3. Серіккалиев «Сын және жауапкершілік» макаласында әдебиетке қойылар көркемдік талап жауапкершілігінен туындаудың хас шеберлік қаламгерлерге ғана емес, басты кезекте жетекші сыншыларға да қатысты екенін накты қарастырды. Белгілі қаламгерлердің шығармашылығын талдауда өзі олқылық деп тапқан мәселелерді дәлелдеуде туындыларға қатысты берілген он бағаларға жығыла бермей, керінше сын тезіне салуы әдеби ортада, сында түрлі пікір қайшылығын тудырган-ды. «Пікір логикасымен, от-жалынымен баурап алып сендеретін адад, әділ төреші сындарға біз әлі де мейлінше мұқтажбыз» [10, 134], – деп ойын сабактаған сыншы макасы «Сындағы алаколдылық төңірегінде сөйлесудің айрышка жөні бар. Біреуді шеберлікке, мәдениетке шақырып отырып, сыншы өзіне-өзі бір есеп беретін кез де керек шығар» [10, 134], – деген пікірін дәлелдеуге арналған. Бұл ретте 3. Шаш-киннің «Теміртау» романына орай жазылған М. Қаратаев, Б. Сахариев, Р. Бердібаев сын макалаларындағы талдаулармен полемикаға барған сыншы аталған әдебиетшілердің қаламгер туындысын он бағалудағы тұжырымдарымен ғана емес, әдеби талдауларындағы теориялық қисындармен де келіс бермейді. Бүгінгі күн тақырыбына жазылған роман және оның қаңармандарына биік талап тұрғысынан қараған сыншы 3. Шашкин туындысының тақырыптық-идеялық маңызын терістемегенімен, өзі атағандай «шығарманың көркемдік қасиетін, бүкіл сұлулық структурасын айқындаудың басты шартын» негізгі орынға қояды. Осы мәселелерге орай пікір таластырып, романның тартыс өзегіндегі адам жаңының рухани жаңаруын қаламгердің биік деңгейде ашуына қатысты өрелі суреткерлік, эстетикалық та-

лапты басты орынға қойған сыншының берік ұстаннымын, айқын мақсатын қолдаймыз. Сыншы мұраты әдеби туындының көркемдік қуатымен, реалистік сипатымен, образдар жүйесінің шынайы да табиғи үйлесімімен оқырман жан әлеміне дендей еніп, жүргінен орын алуына деген талапты қамшылау болып табылады. Алайда шығармаға құндылығын талдауларда берілген бағаларды таза терістейіндегі көзқарастары да ойландырмай қоймайды. Бұл жерде сталинизмді бүкіл болмысымен сезінген жаңы жааралы, жүргегі қаяу қаламгердің шығармашылық ізденісінен қол үзбей бүгінгі күн тақырыбындағы романдарға баруының өзін батылдық әрі рухани қайсарлық деп бағалауға болары еді. Ал, М. Қаратаевтың, Р. Бердібайдың, Б. Сахариевтің жазушы романының олқылығынан гөрі, жетістігін ашуудағы максаттарын осы тұрғыдан түсіндіруге болады. Сыншы 3. Серіккалиев назарынан тыс қалған қаламгер бағылдығы принципті мақала табиғатымен кей тұстарында үйлесе бермейтіндегі көрінеді. Әрине, сын макасы – мактау да, даттау да емес. Бұл әдеби сын эстетикасына жат. Бірақ та тоталитаризм қысымындағы қаламгердің субъективті әлемі сынның осы мәселедегі объективтілігін шығармашылық ізденіс жағынан қолдауды қажет ететін тұстары да барын көрсетеді.

А. Сүлейменовтің «Тұр туралы бірер сөз» макаласы әдеби сында көркемдік дамуды шеберлік шынына жетелейтін тың теориялық мәселелер козғаумен құнды. Көркем шығармадағы авторлық баяндау стиліне көнінен токтатған сыншы жазушылар тарапынан қолданылуына, туындыдағы маңызына талдаулар жасап, әлем және қазак әдебиеті шығармаларындағы авторлық баяндаудың әдіс-тәсілдерін, қыры мен сырын әр дәүрдегі көркемдік құндылықтардың дәстүр арнасында дәлелдейді. Баяндау формасындағы тәсіл (бірінші жақ пен үшінші жақ), автордың шығармашылық үрдіске қатысы, туындының көркемдік сипаты мен композициялық түзілісіндегі баяндау үлгісі, автор бейнесінін тұлғалануы сияқты күрделі мәселелердің талқыға тусуі сыншы таным-біліктің теориялық тұрғыдан кемелденуін, осы бағыттағы ілкі шеберлік ізденісті ігі суреткерлік үрдіске сініруде діттеген сыншы макасатын көрсетсе керек. Авторлық баяндаудағы «мен» және «ол» қолданысты қарастырған сыншы «жазушы қалай жазу керек-бірінші жақпен бе үшінші жақпен бе, әлде екеуімен де ме?» [11, 124], – дей келіп, «баяндау шеберліктің бірден бір проблемасы емес. Бастыларының бірі ғана. Мұның сыртында әрине композицияның қоғам элементтері жатыр» [11, 124], – деп автордың шығармашылық үрдіске қатысты-

лығын байыптауда Гомер заманынан бергі орнықкан авторлық баяндау дәстүрінің түрлі көріністе шеберлік сипатына орай орнығын ауқымды саралайды. «Мен» мен «ол» мұнарасында қылыштың заман, зан, эстетикалық көзқарас, көркемдік іздендердің ізі барын» [11,123], – айтқанда прозаңың классикалық дәстүрін игерудегі іздену түр үшін емес, мазмұн үшін де маңызды деп түйеді. Әсіресе, ой-ерісі кең талғампаз оқырман қауымының да көркемдік танымы, эстетикалық түсініуі прозаңың да интеллектік деңгейін арттыруды талап ететінін зерделегендеге «интеллектінің боялуы да, ырғағы да көп – жалғыз ғана стильмен оның қолын ұзартып, мұратына жеткізе алмайсын. Осы ретте Хемингуэй біздің дәуір үшін бірден бір биік емес» [11,124], – деп шын шеберліктің қыры мен сырын игерудегі дәстүр ұласуының қайталанбас табиғатын қарастыруда өзгенің пікіріне жығыла бермейтін білікті сыйнылдық белгірлікпен пайым-дайды. Бұл ретте көне Гомер дәуірінен бастап, кейінгі Еуропа классиктерінің туындыларындағы авторлық баяндау формасының түрленуі, стильдік даралық, гуманистік ұстанымдардың көркемдік тәсілдеріндегі шын шеберлікпен біте қайнасқанын, соның барысында кейіпкердің жан әлемін, ішкі сырын ашуадағы даралық сипатқа ие болғанын талдаулары эстетикалық сыйның ғана емес, лингвистикалық немесе семиотикалық сыйның талаптарымен үндестік табады. Біріншіден, Гомер дәуірінде жат «меннің» эпостық формадағы көрінісін («Гомер болмысқа да, өзіне де халықтың көзімен қарады. Өкімі, кенесі, жанашырлығы, кегі, кекесіні, сүйіспендігінін баршасын осы жотаға шығарып, осы жотаның баурайында көлбетті») деп негіздесе, екіншіден, эпостық стильдегі авторлық «меннің» ішкі монолог арқылы көрінісін («Ер Тарғының бұлышығырақ тауында белі шойырылып мертігіп жатып айттар тәкпе тоғауы ше? «Қобыландыдағы монологтік сәттер ше? Бұл өзі бір эмоциялық тасқын, эмоциялық градацияның үлгісі ғой»,) үшіншіден, Толстой, Стерн, Стендаль сыйнды проза шеберлері туындыларындағы «мен» мен «олдың» көркем құбылуы, әсем үйлесімі дәстүрдің озығын суреткердің жүргінен етіп сініруінде, кейіпкердің ой-ерісімен тамырластыруында деп түйеді. Сондықтан да құр еліктеу мен эпигондық салдарынан туындалап отырған кемшілік табиғатын былайша түсіндіреді: «дәуір сипатын шығарманың жалпы эстетикалық рухынан емес, тарихи адамдардың фамилиясынан, жалаң, хроникалық мәліметтерден көресін. Дәстүрді әл қадырынша дамытпау бұл өзі, түптеп келгенде, дәстүрді сыйлау» [11,128]. Осындағы күрделі әдеби-теориялық мәселелерді нысан еткен сыйны классикалық

әдебиеттегі «ол» мен қазақ әдебиетіндегі «олдың» арақатынасын да қарастырады. Сыншы әдебиетке қойылар эстетикалық талап пен поэтикалық қуаттың сол тұстағы қазақ әдебиетіндегі солғындығын ««Олға» «мен» керек, оқиғаға сыр керек, сөүірдің жылы жаңбыры, селеудің сыйбыры, шілдедегі дала түнінің жұмсақтығы керек. Тұн аспаны кейде қаракөк барқыт түстеніп жусап қалады ғой, сонда адамының үлбіреген көксүр жусанға бауырын тәсеп аунай-аунай бергісі келеді. Біздің дарынды прозаңың окушысын осылай аунату аз боп жүр» [11,129], – деп түсіндіреді. «Оянған өлкө», «Да-уылдан кейін» туындыларындағы бірінші жақпен жазу («мен»), соған орай F.Мұсіреповтің «Қазақ солдатындағы» баяндау мен ішкі монологтың бітекәйнасуы талданған. А.Сүлейменов қарастыр-ған мәселелер К.Ысқақовтың «Еліктеу ме, жоқ мұқтаждық па?» атты сын мақаласында полемикалық сипат алды. Автор қазақ прозасындағы бірінші жақтың ( «мен») классикалық үлгісі жасалғанын айта келіп, төл әдебиетіміздің өз табиғатынан туындаған мәселелерді талдау өзегі етіп алады. Әсіресе, әдеби дамудағы сабактастық пен жалғастық арқылы шындағала түсетін түрлі көркемдік тәсілдердің поэтикалық қуатпен, лиризммен көрініс табатынын байыптауда оның төл әдебиетіміздегі кейінгі көркемдік дәстүрге ұласуындағы үзілген негізгі желіні дөп баса тануы назар аудартады. Атап айтқанда, ««Мен»-мен прозага поэтикалық ағыстың, лиризмнің келгені рас... Кейіпкер көніл күйінің бір кетігін толтыра келді. Ал, біздің прозамыздағы оның алғашқы беташары отызыншы жылдардың еншісіне тиетін сияқты. Амал қанша, жеке адамға табынушылықтың салқынан отызыншы жылдардағы кейір туындылармен алпысыншы жылдары табысып отырымыз. Отызыншы жылдардағы экспериментті алпысыншы жылдары қайталаған ретіміз де бар. Және соның өзі көп ретте сәтті шығып та жүрген жок» [12,105-106], – деген пікірі жылымық ықпалынан туған эстетикалық таным көрінісі десек, дәстүр ұласуының құштеп үзілүінен қазақ әдебиетінің поэтика табиғаты мен шеберлік мектебіне тән қасіреттің ізін терен ұғына түсеміз. Ал, көркемдік ізденіс үлгісіндегі «меннің»- құдіретін Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесіндегі авторлық баяндау тәсіліне тән шеберлік қыры жағынан дәлелдейді. Сондай-ақ А.Сүлейменов пікірімен ой таластырғанда F.Мұсіреповтің «Этнографиялық әнгіме», «Қазақ солдаты» шығармаларындағы «меннің» қолданылуындағы ұтымдылығын теориялық негіздеп, жазушының «бірінші жаққа тек лиризмді теліп қойған жок, әуелі осы әзіл мен сықағын жетелеп келді. Сосын адам психологиясын ұнғылай отырып, теренде отырып, сыршылдыққа

драма-тизмді, динамиканы қосты. Бұл әрине, кейіпкер атынан баяндаудың бауы, кемелденуі. Екінші: автор араласпай, аrenaға «меннің» өзі, кейіпкер жеке дара бөлініп шықты» [12,106], – деп қарастырады. Қазақ прозасындағы бірінші жақтың классикалық үлгісінің жасалуына тән басты сипатты айқындауда да автор батыл әрі тың тұжырымдар жасайды. Бұған мына пікірін накты мысалға алуға болады: «...олар да көктен сауған жоқ, түптеп келгенде, әлемдік әдебиет үлгісін біле тұра, соны іште корытып, қазақ топырағына өсіріп шығарды». Қазақ қаламгерлерінің бірінші жақтан баяндаудың көркемдік талап талғамымен үйлесетіндігін Б. Соқпакбаев, С. Жұнісов, С. Шаймерденов стильдік даралықтарын шығармаларын мысалға келтіре талдайды. Осындағы жетістіктің барын айтқанда тек түр жағынан алғанда белгілі үлгілерді қайталайтынын да ескертеді. Сыншы қаламы төсслеген қарымды қаламгерлерге жаңа формалық ізденістерді де талап етуде сөз өнері үшін принципті мәні бар теориялық мәселелерді алға тартады. Мәселен, Ф.Мұсіреповтің «Сөз жоқ соның іздері» әңгімесіндегі форма жағынан («мен») өзін өзі қайталауын мін деп табады. Демек, Қ. Йысқақовтың түр жағынан бұрыннан белгілі үлгілерімен шырмала бермей, форма жағынан ізденуді де көркемдік шеберліктердің кемелділік проблемасы деп қарастыруы жаңа буын шығармашылығының соны сипатта болуына да ой салды. Сонымен қатар «Кімнің қай тәсілмен жазса да өз еркі, тек көркем шығарма бере алуында гой. Ал бірінші жақпен ғана жазу да абсолюттік талап емес. Демек, бірінші жақ пен үшінші жақ түр емес – тәсіл ғана. Түр сол тәсілдің ішінде жатса керек. Мазмұнына қарай формасы табылса, «меннің» несі «мен», «олдың» несі «ол»» [12,109], – деген пікірін талдау барысында А. Сүлейменовтің осы мәселедегі байладарымен келісе бермейді. Оларды түйіп айтқанда, Хе-менгуэйдің «менге», яғни бірінші жақтан баяндауға енгізген жаңалықтарын ашуы, түрлі тәжірибелердің тілі бейнелі қазақ әдебиеті үшін тиімділігі бар ма, «меннің» осал тұстары мен жетістіктерінің ұтымдылығы неде, әр тәсілдің өзіндік сипаты мен өзіндік қалыбын айқындау, үшінші жақтан («ол») баяндаудың шығарма идеясының өзектілігін ашуудағы ортақ үйлесімдерінің қарама қайшылығы (М.Әуезов – Бель; Абай – Фемель), ішкі монологты игерудегі жасандылықтан арылу мәселелері. Әрине, полемикалық сын мақаласында автор өзгенін пікірін таза терістеумен болды деген ұғым тумаса керек. Аталған мақалаларды тек полемикалық сипаты мен қайшылықты талдаулары ғана емес, көркемдік тәсілдерден өрістейтін шын

шеберлік қырларын айқындау, классикалық әдебиеттің озық дәстүрін әдеби үрдіске сініруден туындаған ой-пікірдегі ортақ мақсат тоғыстырады. Сөз өнерінің күрделі болмыс-бітіміне тән табиғатын теориялық, эстетикалық талдаудың тың үлгісін көрсеткен бұл соны сипаттағы мақалалар қазақ прозасының түрлі стильдік ізденістегі поэтикалық өрісінің осы білік белес тұрғысынан алынуы тиіс арнасының проблемалық мәселелерін де айқындала берді. Әдеби үрдісте орнығы шынайы талант табиғатымен шешімін табатын осына күрделі құбылыстың әдебиеттің бітіне қайнасуына әрі шығармашылық жағынан игерілуіне өз туындыларымен батылдықпен барған да «алпысыншы жылдар буыны» болатын.

Сыншы З. Серіккалиевтің «Ойлы досқа айттар сөз» мақаласында А. Сүлейменов пен Қ. Йысқақов мақалаларының маңызын «Көркем прозаның түрі, тәсілі туралы бұлай мәселе көтеріліп, пікір таласының басталуы қазақ әдебиеті тарихында тұнғыш рет байқалып отырған құбылыс» [13,133], – деп бағалады. А. Сүлейменов, Қ. Йысқақов әдеби-теориялық, эстетикалық талдауларының сонылық сипатын ашып көрсеткен сыншы оларды қолдаумен ғана шектелмейді. Олардың қайшылықты пікірлері мен тұжырымдары негізінде ой өрбіте отырып, көркем шығарманың түрі туралы мақалаларға сындық бітімі тұрғысынан назар аударады. Атап айтқанда, сөз стиль, дәуір таңбасы, дәуірге тән түрлік, тәсілдік сипаттар туралы болып отырғандықтан сыншы осы мәселелерге накты токтальп, талдау барысында дөлелдеуді мақсат еткен.

Олардың кейбіреулерін атар болсақ Қ. Йысқақовтың Ф. Мұсіреповтың «Сөз жоқ соның іздері» әңгімесіндегі форма жағынан өзін өзі қайталаган деген байладамын терістей отырып, «әңгімені сүйсіне мақтаған сыншы мазмұннан форманы бүтіндей бөлек пішіп тастап қарап отыр», – деп табады, сондай-ақ бірінші жақпен жазылған шығармаларды (С. Мұратбеков «Менің қарындасым», Н. Сералиевтің «Райгүл» т.б.) «меннің» қолданылысына тән қырын біржакты салынтық дегенін қолдамайды. Мәселе олардың бірінші жақпен («мен») баяндау тәсілімен жазғанында емес, «гәп ен алдымен шығарма негізінде жаткан материал табиғатына, әр шығарманың өз харак-теріне орай қандай түр таба білгенінде болса керек. Кімнің қай шығармасында қай тәсіл, қай форма қандай роль атқарып тұр, қалай ойнайды, мәселенің бар сырь осында болуға тиіс» [13,140] екенін екшідейді. Сонымен қатар А. Сүлейменовтің Гомер, Толстой, Фильдинг, Стерн, Стендэль-дердің авторлық баяндауларын басты шы-

ғармашылық ерекшеліктерін ашудағы негізгі сипатты «басқа уақыт, басқа дәуір» түрғысынан ғана түсіндіру тәсілімен шектелуін, классикалық прозадағы «ол» (Хемингуэй) мен казақ прозасындағы «олдың» (Мұстафин) ара қатынасын аңғартудағы салыстыруларының сәтті шыға бермегенін айтады. Аталған сыншылар ұсынып отырған «форманы заман әкелді» деген ұғым біржакты байлам болып табылатынын «Форманы тек қана тасілге теліп, творчествоның заңдылық процесін жете ескермей, бүгінгі заманымызға лайық әйтеуір алабөтен жана баянда формасын жасайық деп ере түрегелу онша жараса бермейді», – деп ескертеді. Сондықтан да З. Серікқалиев осы даулы мәселелеге қатысты сез өнерінің дәуір таңбасын асқан шеберлік суреттеудегі даралық қарастырылған тіл, оның құдіреті киыннан қыстыры барысында жүзеге асатынын, мұның өзі баяу өзгеретін күрделі категория екенине ой салады. Өз пікірін «Тіл – көркем шығарманы құрайтын клетка, баяндау формасы дегенініз сол тіл арқылы жасалады, ендеше бүкіл шығарманың рухы, мазмұн байлығынсыз жалан баяндау формасы туралы бір байлаулы сез болу киын. Мазмұннан баяндау формасы бүтіндей бөлек қаралған жағдайда ол тек структуралық жүйе, композициялық шарттылық, жеке-жеке техникалық тәсілдер үлгісінде ғана қалып қояды. Мұндай жағдайда ол, әрине, жалан өзі ғасыр табиғатын, заман стилін анықтар бірден бір субелі құбылыс, кесек көрініс ретінде шешуші роль атқара алмайды» [13, 143], – деп негіздейді. Көркемдік құбылыстың қайталаңбас жаңашылдық қасиеті «ен алдымен өмір шындығының шынайы бейнелену сипатында, адам жаны, адам сырның ашылу арнасында, жаңа қарастырлар бітімінде, көркем туындының бүкіл ішкі рухында» болып табылатынын теориялық және эстетикалық талаптармен ұғындырыды. Және де бір ғана қазақ сез өнеріне ғана емес, әлемдік әдебиетке ортақ болып табылатын мұндай теория-лық мәселелер әр ғасыр, әр дәуір қаламгерінің шығармашылығында суреткердің өзіндік шеберлік табиғатына орай өзіндік сипатта көрініс табу арқылы шешімін табатынын зерделейді. Бұл орайда әдеби сындағы осындағы даулы мәселелерде басы ашық қорытынды жасауды орынсыз талап етуге болмайтынын, ол гуманитарлық ғылым табиғатын терең түсінбеу екенин ескертуі де сыншылдық таным-біліктің теориялық түрғыдан кемелден-генін әрі руханиң құндылықтар маңызын саясат қалыбына салып емес, әдебиет мұддесі жағынан қарастыруға шакыруымен құнды.

Дәстүр мен дәуір, көркемдік дамудағы сабактастық, ұлттық сипатты сактай отырып әлемдік өркеп-

ниет айдынына жетелейтін жаңашылдық пен соны ізденістер табиғатын айқындаудағы мәселелерге қатысты көркем сындағы эстетикалық талдаулар Ә. Кекілбаевтың «Дәстүр мен дәуір», О. Сүлейменовтың «Қаңарманым хақында» мақалаларында заңды жалғасын тапты.

Ә. Кекілбаев дәстүр мен жаңашылдық мәсе-лесін әлемдік әдебиет, мәдениеттің адамзаттың рухани кемелденуіндегі маңыздылығы түрғысынан саралап, қандай да болмасын ұлттық мәде-ниеттің томаға тұйықтықта дамымайтынын нақты қарастырады. Әсіресе, «Басқа мәдениеттен төлім алу, оның тәжірибесін игере білу – озық мәде-ниеттің қай қайсына да тән. Шынтуайтқа келгендеге, сол бір өзара байланысу, сабактасу сияқты ұлы арнаға қолы жеткен мәдениеттің жүлдізы жанған да, ал қиянда тығырықта қап қойған мәдениеттер кенжелеп, мешеу-леп жүрген... Цивилизация тарихында тек өз дәстүрімен томаға-тұйық өркендең, ұлы мәдениет жасаған ұлт жок» [14, 131], – деген бүгінгі құнмен үндесіп жатқан озық ұстаным кенестік идеология тарапынан буржуазиялық, капиталистік дүние деп құстаналанып келген адамзаттық өркениетпен арада үзіліп қалған рухани көпірді жалғастыру мақсатынан туындағы. Сонымен қатар сыншының өнерге таптық өлшеммен қарау себепті ол барша жүртқа ұғынықты болуы, көпшіліктің талабы мен талғамынан табылуы керек деп санаға құйған біржакты саяси көзқарастағы танымды өнерді даралық құбылыс ретінде қабылдау әрі соған сай эстетикалық талғам, ой-өріс көндігі, мәдениет биғі қажет деген талабының да сол кезең үшін сонылық сипаты болғаны анық. Осы жағынан алғанда «Өнер – халықтік. Бірақ, халық кім? Оған Бахты түсінбейтін көрен, Ғабитті ұқпайтын таяздар да жата ма? Талғам шаруашылығын әлі дұрыс-тап қолға алып жүрген жоқпаз. Сыншылар «түсінкіті, түсінкісіз» деген тұжырымдарын айтпас бүрін осы жағдайларды неге ойламайды? Қазақ ақыны, қазақ жазушысы кімге арнап жазуы керек осы? «Қобыланды батыр» мен «Қырық өтіріктің» оқушысына ғана ма? Әлде «Соғыс пен бейбітшіліктің», «Тынық Донның», «Коммунистің», «Орыс орманының», «Абай жолының» оқушысына ма? Кімге? Өнер-талғамның корегі ғана ма, әлде ұстазы да ма? Берін де ойлану керек...» [14, 136] деген көркемдік талап рухани кемелдену арқылы ұлттық және адамзаттық құндылықтарды игеру, соның барысында оқырманының талғамын эстетикалық, гуманистік арнада өрістетуді ұстану қажеттігін өзекті мәселе түрғысынан көтеруімен маңызды болып табылады. Ал, сол өрелі талап өзегі мен талғам нәрі өз дәстүрінді танудан, қастерлеуден

әрі еселеуден бастау алады. Міне, өз әріптерін сол биікке шақырған сыншы «Дәстүр – ана. Жұрттың бәрі солай деп жүр. Біз де қосыламыз. Ақ шашты аданы бұрымынан сүйреп, үйден шығарып тастауға кім-кімніңде ары бармайды. Бірақ, ана да өз ұлтының өзгеден кем сокпағанын тілейді. Кем соқса арланады. Тіпті корланады да. Біз анамызды корламаймыз. Бірақ, оны корлатпайық та» [14,137] деп туяеді.

Жылымық кезеңіндегі сын сөз өнерінің тылсым құдіретін, табиғатын таным таразысынан өткізу барысында әдебиеттегі дәстүр мен жалғастық мәселесін қозғай отырып, жаңа буынның суреткерлік қем азаматтық борышын кешегі қаралы тарих тағымы, бүгінгі жылымық талабы тұрғысынан жан-жакты саралай білді. Қаламгерлер ұлтының алдында өтлемеген парызына ар бійінен қарап, өз елі тарихының шын мәніндегі қайғысын, қасретін тануы қажеттігін сезінді. Өз намысын және де ұлт намысын қамшылады. Өзгені ғана емес, өзінді де құрметтеуді талап етті. Ақындық «меннен» ұлтының «менін» іздел, көрді әрі қөрсетуді мұрат тұтты. Міне, О. Сүлейменовтің «Қаңарманым хакында» мақаласындағы осындағы кемел ойлар әдебиеттің ғана емес, ұлт мереін де еселеуді. Ақын «...Әкпек жел өктем соқты, талай шырақтарды тапап кетсе де, аспанда айнадай қып тазартты. Құн нұрын мол тәккен жарқын таңда, молалы дөң-дөңестер айқын көрінеді, мен соларға шығып ап жолға үнілемін, онын соқпак ізден кемелденген тұп басын да, бара жатқан бағытын да тапжылтпай танып тұрмын» [3,138], – деп сол тарихтың шыныраудағы шындығын әдебиеттің биғіне қоңдырудағы қаламгер парызын безбендеді. «Ақын дидары халық дидары. Ақын тұлғасы неғұрлым жарқырай көрінсе, халық тұлғасы да айқындала түседі. Халық өзінің әлеуметтік әдебиетіне көз сала отырып, жетпей жатқан бійін көреді, әдебиет ұсынған мұраттардан рухани өсер бағыт алаады» [3,143], – деп ақын мұратын ел мұратымен сабактастыруды. Әсіреле, сол тұста көне тарихы жете зерттелмеген, қарастырылса да қазақ ұлтын кемсітуден туындаған отырған қияс кисындарға сын көзімен қарап «Кейбіріміз қазактардың қазіргі қоғамдағы орны деген мәселенің өзіне қорғалақпыш, жалтақтаумыз, ал қазактардың ежелгі тарихтағы орны қандай болыпты деген сауалға әлі жауап берген жоқпыш. Мен халқымның баяғысының бәрін топас надандық санамаймын кейбір кисындарға келісе коймаймын» [15,143], – деп ұлттық мұддені басты орынға қойды. Ата тарихымызды танудағы отаншылдық рухымызды оятуға ой салды. Қазақ тарихын толық білмейінше ұлттың өткенін тұтастықта тану мүмкін еместігін айта келіп, «Мен бір уақытта халқымыздың шын мәніндегі сұнғыла шежіресі боларлық та-

рих кітабының шығатынына шексіз сенемін. Оған біздер, ақындар да қыруар құш жұмсақ ат салысуымыз керек. Өйткені ежелгі тарихи мұралар – көне жылнамалардың тілін ақыннан артық ешкім де түсіне алмайды. Туған жұрттының тарихын білу бүгінгі ұрпаққа әбден керек қасиет» [3,143], – деп білді. Кешегі текtilікті ата тарихынан, ақын қанынан көруді мұрат тұтып, «Кекпардың әүпірім адудын рухы, казақтың жырын да өзің желтіндір!» [3,143], – деп ару-ақты жырдың асыл арналарын поэзиясының арқауына айналдырыды.

Қорыта айтканда, жылымық кезеңіндегі әдеби сындағы эстетикалық танымбілік біріншіден, оқырман танымын төл әдебиетінің, шынайы сөз өнерінің табиғи болмысын барынша жан-жакты ұғынудағы дүниетанымын көндейтуді діттеу, туындыны қабылдау сезімін ұштап, сұлулық әлемін ой елегінен өткізуде әсемдіктің асылы мен жасығын, таязы мен теренін таным таразысына салу, екіншіден, әлемдік классикалық әдебиет ұстанатын озық дәстүріндегі көркемдік тәсілдерді, теориялық мәселелерді накты талдау езегі етіп ала отырып, оны қазақ әдебиетінің, көркемдік көкжиегін көндейту мақсатындағы талаппен ұштау, үшіншіден, шеберлік қырларына тән жетістіктерді тек социалистік реализм талабымен ғана ұғындыратын қасаң қағидалар шырмауынан арылып, ұлттық ренктерін көркемдік сипаттың сактаудағы әрі әлемдік әдеби үрдісіндегі бағыт-бағдарынан ажырамаудан туындаған талабын өткір және ашық көтере білуімен дараланады. Сонымен қатар ата тарихын тану, өз ұлтынды қастерлеу сияқты отаншылдық руха баулитын толғаныстарымен де халық санасын ояту тұрғысынан шешуші қадамдар жасаған кезең болды.

#### ӘДЕБІЕТ

1. *Кекілбайұлы Ә. Сен соққандай сергелден // Ана тілі. 1998. 1 қазан.*
2. *Нұргали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. Бір томдық. Алматы: Жазушы, 2000.*
3. *Сүлейменов О. Қаңарманым хакында // Жұлдыз. 1963. № 6.*
4. *Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Алматы: Білім, 2003.*
5. *Серікқалиев З. Өмірлік олең үшін // Жұлдыз. 1962. № 1.*
6. *Сүлейменов А. Жас прозаиктер және жастар образы // Жұлдыз. 1962. № 11.*
7. *Кекілбаев Ә. Ой бійінен // Жұлдыз. 1963. № 8.*
8. *Омаров И. Оқушы арманы не? // Жұлдыз. 1962. № 8.*
9. *Кенжебаев Б. Маңызды міндет, зәру жұмыс // Жұлдыз. 1962. № 4.*
10. *Серікқалиев З. Сын және жауапкершілік // Жұлдыз. 1963. № 2.*
11. *Сүлейменов А. Тұр туралы бірер сөз // Жұлдыз. 1963. № 4.*

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

12. *Ысқақов К.* Еліктеу ме, жоқ мұқтаждық па? // Жүлдыш.  
1963. № 5.

13. *Серікқалиев З.* Ойлы досқа айтар сөз // Жүлдыш. 1963.  
№ 7.

14. *Кекілбаев Ә.* Дәстүр мен дәуір // Жүлдыш. 1963. № 10.